

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№18 (087) ЖҰМА

24 мамыр 2024 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ



«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – 2024» ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫ

«Мерейлі отбасы – 2024» ұлттық байқауының қалалық/аудандық кезеңі басталды

Конкурсқа қатысуға еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері жоғары отбасылар жіберіледі.

Төмендегі отбасылар конкурсқа қатыса алмайды:

1) Қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар;

2) бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса алмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар тізімі:

1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін – жергілікті уәкілетті органның көмелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінен үзінді көшірме;

3) неке қию туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);

4) Ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі – бар болса;

5) Балаларды тәрбиеленгені үшін алған көтермелеулердің, белгілі бір жетістіктері үшін алған көтермелеулердің бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

6) балалардың, ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жұмыс (оқу) орнынан анықтамалар және мінездемелер;

7) ұсынымдар (әріптестерінің, көршілерінің, достарының);

8) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

«Мерейлі отбасы – 2024» ұлттық конкурсына құжаттар 2024 жылғы 15 мамыр – 15 маусым аралығында Сәтбаев қаласының ішкі саясат бөлімінде, Сәтбаев даңғылы, 108 мекенжайында қабылданады.

Байланыс телефоны 87079658899.

НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОНКУРС «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – 2024»

Начался городской/районный этап национального конкурса «Мерейлі отбасы – 2024»

К участию в конкурсе допускаются семьи с высокими трудовыми, спортивными, творческими, интеллектуальными, научными достижениями.

В конкурсе не принимают участия семьи:

1) члены, входящие (вошедшие) в состав организаций, деятельность которых запрещена на территории Республики Казахстан;

2) семьи, имеющие ранее судимых членов.

Перечень документов, необходимых для участия в конкурсе:

1) копии документов, удостоверяющих личность родителей (опекунов, попечителей), копии свидетельств о рождении детей;

2) для приемных (опекаемых) семей – выписка из решения местного уполномоченного органа об установлении опеки (попечительства) над несовершеннолетним ребенком;

3) копия свидетельства о заключении брака (при наличии);

4) копия свидетельства о смерти в случае смерти одного из родителей при наличии;

5) копии документов, удостоверяющих наличие поощрений, полученных за воспитание детей, поощрений, полученных за определенные достижения;

6) справки и характеристики с места работы (учебы) детей, родителей (опекунов, попечителей);

7) рекомендации (коллег, соседей, друзей);

8) копии документов, удостоверяющих высокие трудовые, спортивные, творческие, интеллектуальные, научные достижения членов семьи.

Документы на национальный конкурс «Мерейлі отбасы – 2024» принимаются с 15 мая по 15 июня 2024 года в Отдел внутренней политики города Сатпаев по адресу пр. Сатпаева, 108.

Контактный телефон 87079658899.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

КӘСІПКЕРЛЕР КӨМЕГІ

Жезқазған қаласындағы әйелдер мен балаларға арналған дағдарысқа түскендерді қолдау орталығында Ұлытау өңіріндегі Іскер әйелдер кеңесінің мүшелері, «Қызылмай» дәріханалар желісінің директоры Ботажан Достанбекова, «Katali Bakery» наубайханасының негізін қалаушы Гүлжан Күнәділова, Ұлытау облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Гүлмира Қаженова әлеуметтік нысанның жұмысымен танысты.

Олар осындағы уақытша тұрып жатқандармен әңгімелесті. Мұндағы тұрғындар орталыққа қиын өмірлік жағдайлармен келгендері белгілі.

Кәсіпкерлер орталыққа және оның тұрғындарына күнделікті өмірде өте қажет тұрмыстық техника -кір жуғыш машинасын сыйға тартты. Сондай-ақ, орталықтағы балалар тәтті сыйлықтарға ие болды.

- Бұл қиын өмірлік жағдайға тап болған әйелдерге көмектесуге және қолдау көрсетуге қосқан аз ғана үлесіміз. Алда-

ғы уақытта да көмектесуге ұмтыламыз - деді кәсіпкерлер.

Ұлытау облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Гүлмира Қаженова Дағдарыс орталығының директоры Кәмеш Әбжәмеловаға алғысын білдіріп, бұл мекеменің қолдау көрсетудегі маңызды рөлін атап өтті. Орталықтың қамқорлығындағы отбасылар келген қонақтарға ризашылықтарын білдірді.

**Салтанат
МАҒЗҰМҚЫЗЫ**



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНА СУ ТАСҚЫНЫ САЛДАРЫН ЖОЮ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӨНІНДЕ ЕСЕП БЕРІЛДІ

Президентке Премьер-Министр Олжас Бектенов су тасқынының салдарын жою және зардап шеккен азаматтарға жан-жақты көмек көрсету жұмыстары Үкіметтің тікелей қадағалауымен жүргізіліп жатқанын баяндады.

Үкімет басшысының мәліметі бойынша қазіргі кезде 61352 адам өз үйлеріне оралған. Эвакуациялық пункттердегі тұрғындарға (5452 адам) барлық қажетті көмек көрсетіліп жатыр.

20 мамырдағы жағдай бойынша 26 мыңнан астам отбасына 100 АЕК мөлшерінде бірреттік төлем беру үшін 10 миллиард теңгеден аса қаржы бөлінді (жалпы, 32 655 өтініш келіп түскен). Бұл жұмыстар Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Абай, Ұлытау облыстарында толықтай аяқталды. Ал Солтүстік Қазақстан облысында бірреттік қаржылай көмекті

6090, Қостанай облысында 4085, Атырау облысында 3730 отбасы алды.

Бұдан бөлек, зардап шеккен тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қазіргі таңда баспаналары қираған 239 отбасы жаңа үйлер мен пәтерлерге қоныстанды. Атап айтқанда, Қостанай облысында 146, Ақмола облысында 57, Ақтөбе облысында 28, Қарағанды облысында 6, Павлодар облысында 2 баспана тұрғындардың игілігіне берілді.

Сонымен қатар Үкімет басшысының дерегіне сәйкес өңірлерде 873 жаңа

үйдің құрылысы жүргізілуде. Нақтырақ айтқанда, Батыс Қазақстан облысында 357, Қостанай облысында 88, Ақтөбе облысында 153, Атырау облысында 70, Солтүстік Қазақстан облысында 200, Павлодар облысында 5 тұрғын үй салынып жатыр.

Қазірге дейін 891 отбасыға үйлерін жөндеу және қалпына келтіру шығындары үшін жалпы сомасы 1,9 миллиард теңге көлемінде өтемақы төленген.

Жалпы, су тасқынынан зардап шеккен аймақтарда 11137 тұрғын үй тексеріліп, 7863 нысанды бағалау жұмыстары аяқталды.

Бағалау ісінің аяқталуына қарай, зардап шеккен тұрғындарға аса қажетті дүние-мүлік сатып алу үшін 150 АЕК-ке дейін қосымша өтемақы төленіп жатыр. Сондай-ақ өлген малдың өтеуі үшін мемлекеттен бөлінген қаржылай көмектің көлемі 1,3 миллиард теңгеден асты.

Мемлекет қолдауынан бизнес те тыс қалмайды. Тасқыннан зардап шеккен кәсіпкерлердің шығынын өтеу механизмдері анықталып, тиісті жұмыстар басталып кетті. Бүлінген үй мен мүлікті жедел бағалау үшін қосымша ресурстар тартылды.

akorda.kz

2024 жылғы 21 мамыр

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ НӘТИЖЕСІНДЕ 4,1 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР АНЫҚТАЛДЫ

Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Жоғары аудиторлық палатаның отырысында Ұлытау облысында 2022-2023 жылдары бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігіне жүргізілген аудит қорытындылары қаралды.

Жаңа өңір Абай және Жетісу облыстарымен қатар Мемлекет басшысының Жарлығымен 2022 жылғы мамырда экономикалық және мәдени дамуына жаңа серпін беру, сондай-ақ өндірістік және логистикалық мүмкіндіктерін толық іске асыру мақсатында құрылды.

Ұлытаудың кірісі 2023 жылы 2,1 есеге артып, 169 млрд теңгеден асты, ал 2022 жылы кіріс шамамен 90 млрд теңге болған. Трансферттер мен субвенцияларды есептемегенде кіріс бөлігінің орындалуы бекітілген жоспардан 12,5 млрд теңгеге артты. Өз кірістерінің түсімдері облыстың жалпы кірістеріндегі үлесінің ұлғаюымен 3 есе өсті. Бұл орталықтан бюджеттік дербестікті қамтамасыз етудегі өңірдің елеулі экономикалық әлеуетін көрсетеді.

2022 жылғы 1 қаңтар – 2023 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңді қамтыған мемлекеттік аудит жүйелік кемшіліктердің орын алғанын анықтады. Атап айтқанда, инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды, тұрғын үйлерді, әлеуметтік объектілерді және т.б. салу жобаларын іске асыруға бөлінген мемлекеттік қаражаттың пайдаланылу тиімділігіне талдау жүргізілді.

«Облыс құрылған күннен бастап қордаланған өңірлік проблемаларды іс жүзінде шешу бойынша пәрменді шаралар қабылданбаған. Кешенді жоспарда қолда бар сумен жабдықтау, көріз және су бұру желілерін жаңартуды не тозудың жоғары деңгейін төмендетуді талап ететін іс-шаралар қамтылмаған. Жаңа білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт объектілерін салу, сондай-ақ қолданыстағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін жөндеу деңгейі төмен», – делінген аудиторлық қорытындыда.

Жезқазған және Сәтбаев қалаларын ауыз сумен жабдықтаудың негізгі көзі Кеңгір су қоймасын тазарту және ластаушы заттардың түсуін азайту бойынша



тиімді шаралар қабылданбай отыр. Бұдан басқа, орталықтандырылған су бұру желілерінің едәуір тозғанына, ал жекелеген аудандарда олардың мүлде болмауына қарамастан, аудит жүргізілген кезеңде тиісті жұмыстар жоспарланбаған. Жаңа су бұру жүйелерін жобалау бойынша да шаралар көзделмеген.

Қазақстанның орталығында, алты облыспен ортақ шекарасы бар тиімді географиялық орналасуына қарамастан, жол желілерін дамыту тек Қызылорда, Қарағанды және Қостанай облыстарына қарай бағытталған. 2022-2023 жылдары ұзындығы 47,5 км облыстық маңызы бар автожолдарды реконструкциялау және салу бойынша 2 жобаны ғана іске асыру жоспарланған. Бұл алдағы жылдарда өңірдің сауда-көлік әлеуетін дамыту мүмкіндіктерін шектейді.

Облыста 7,8 мың балаға арналған 50 балабақша жұмыс істейді. 19 мемлекеттік мектепке дейінгі ұйым ғимараттарының тозуы 65%-дан асады, ал үшеуі 100% тозған. Орын жетіспеушілігі бола тұра, облыс әкімдігі Жезқазған мен Сәтбаевта әрқайсысы 320 орындық балабақша-

лардың құрылысын аяқтау үшін тиісті шаралар қабылдамаған. Құрылыс 14-17% қымбаттап, 4 жылдан 10 жылға дейін созылған.

Денсаулық сақтау саласында да, әсіресе ауылдық жерлерде осындай проблемалар бар. Мәселен, облыста 1950-2008 жылдары салынған 41 денсаулық сақтау объектісі жұмыс істейді. Оның ішінде 18 ғимараттың тозу деңгейі 60%-дан асады. Мемлекеттік нормативке сәйкес өңірде бірқатар көпсалалы және жоғары мамандандырылған облыстық орталықтар, ауруханалар, жедел жәрдем станциялары және медициналық оңалту ұйымдары болуы тиіс. Алайда аудит жүргізілген кезеңде аталған медициналық мекемелер құрылмаған. Бұл ретте «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде медициналық-санитариялық алғашқы көмек объектілерін салу мерзімдері кешіктірілген.

Мәдениет және спорт саласында жаңа объектілерді салудың нормативтік мерзімдерінің асырылғандығы байқалады. Атап айтқанда, Жезді кен-

тінде құны 396 млн теңгеден асатын дене шынықтыру-сауықтыру кешені объектіні салудың нормативтік мерзімі 7 ай бола тұра, 2020 жылдан бері әлі салынуда. Атасу кентіндегі құны 906 млн теңгеден асатын сауықтыру кешені бойынша да жағдай сондай. Объект 2022 жылдан бері салынуда және нормативтік мерзімі 9 ай болса да, әлі аяқталмаған. Осы спорт объектілері бойынша 60 млн теңгеден астам сомаға орындалмаған және ЖСҚ-ға сәйкес келмейтін құрылыс жұмыстары қабылданған.

Жалпы аудит қорытындысы бойынша 4,1 млрд теңгеге қаржылық бұзушылықтар, 1,7 млрд теңгеге бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау, 7,8 млрд теңгеге бюджет қаражаты мен активтерді тиімсіз пайдалану, 22,8 млрд теңгеге шығындар мен жіберіп алған пайда, сондай-ақ 12 жүйелік кемшілік пен 203 рәсімдік сипаттағы бұзушылық анықталды.

Жүйелік кемшіліктер мен шығыстарды жою үшін ҚР Жоғары аудиторлық палатасы Ұлттық экономика, Көлік және Ауыл шаруашылығы министрліктеріне, Ұлытау облысының әкіміне, Жаңаарқа мен Ұлытау аудандарының, Жезқазған және Сәтбаев қалаларының әкімдеріне, сондай-ақ өзге де ұйымдарға тиісті ұсынымдары мен тапсырмаларын берді.

«Аудит Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жаңадан құрылған облыстарда проблемалық мәселелерді анықтау мақсатында жүргізілді. Бұл өңірлердің одан әрі дамуына көмек көрсету үшін қажет. Сондықтан әкімдік пен орталық мемлекеттік органдар барлық орын алған кемшіліктерді жою үшін тиісті шаралар қабылдауы тиіс», – деді Әлихан Смайылов.

Отырыс барысында Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Шайжанов, Сәтбаев қаласы әкімінің м.а. Алмат Саухимов, Ұлытау ауданының әкімі Аманжол Мырзабеков және Жаңаарқа ауданы әкімінің орынбасары Мұрат Ибраев Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы мен мүшелерінің сұрақтарына жауап берді.

Дереккөз:

Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы

► ОБЩЕСТВО И ПОКОЛЕНИЕ

СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СОВРЕМЕННОГО ПОДРОСТКА



Юрате МАЛАЯ,
Заведующая отделением
профилактики и социально-
психологической помощи –
психолог. Член состава ИРГ

ФИЗИОЛОГИЧЕСКИЕ ПРИЧИНЫ ТРУДНОСТЕЙ

В этот период происходит резкий скачок в физическом развитии. Часто подросток кажется неуклюжим. Кровоснабжение затруднено, подростки часто жалуются на головную боль, быструю утомляемость. Возрастает контроль над инстинктом, эмоциями. Процесс возбуждения преобладает над процессом торможения, характерна повышенная возбудимость. Быстрый рост и половое созревание организма делают психику подростка очень неустойчивой. Задача взрослых в этот период – это учить подростка управлять собой и своим поведением.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРИЧИНЫ ТРУДНОСТЕЙ

Подростковый возраст – это период становления нравственности подростков, открытия его «я», приобретение новой социальной позиции, период потери детского образа жизни. Пора мучительно - тревожных сомнений в себе, в своих возможностях, поиски правды в себе и в других. Не всегда адекватно оценивают свои возможности, нет четкого различия между хотеть и мочь. В поведении, в связи с этим, наблюдаются подозрительность, озлобленность, раздражимость. Подросток живет в настоящем времени, но для него большое значение имеют его прошлое и будущее. Мир его понятий и представлений переполнен не оформленными до конца теориями о самом себе и о жизни, планами на свое буду-

Подростковый возраст – это период жизни человека от детства к юности от 11 до 15 лет. В этот самый короткий период времени, подросток проходит великий путь в своем развитии, через внутренние конфликты с самим собой и с другими, через внешние срывы и восхождения он может обрести чувство личности. Подростковый возраст протекает очень бурно, самый затяжной и самый острый. Можно говорить о трех кризисах, которые сливаются воедино и переживаются подростками, а значит, о трех группах причин, которые делают возраст труднее.

щее и будущее общества. У подростков очень сильно выражена потребность в самопознании и самоопределении. Он мучительно ищет ответы на вопросы о том: Кто я есть? Какой я в сравнении с другими людьми? Что я хочу? На что я способен?

СОЦИАЛЬНО- ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРИЧИНЫ ТРУДНОСТЕЙ

Мир подростка насыщен идеальными настроениями, которые выводят его за пределы обыденной жизни, взаимоотношений с другими людьми. Объектом самых важных его размышлений становятся будущие возможности, которые связаны с ним лично: выбор профессии, стремление уметь взаимодействовать с социальными группами. У подростка появляется так называемое чувство взрослости: потребность быть, казаться и вести себя как взрослый, стать независимым от опеки и контроля, обрести взрослые права. Основное противоречие подросткового возраста: подросток хочет быть взрослым, чтобы окружающие считали его взрослым и относились к нему соответственно, однако у него самого отсутствует ощущение подлинной взрослости. Отсюда и противоположные тенденции: в поведении подростка наблюдаются две независимости – дайте мне все взрослые права и позвольте жить своим умом и зависимости от взрослых – взрослые обязанности мне пока что не к чему, я не в состоянии их исполнять, и вообще я рассчитываю на то, что вы не позволите мне совершать никаких ошибок, вся ответственность за мое поведение лежит на вас.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ПОДРОСТКОВ

Молодое поколение XXI века – это поколение, которое формируют цифровые технологии. Поколение, которое выросло в новом цифровом обществе, что влечёт изменение способа мышления людей. Молодое поколение способно одновременно решать несколько задач, «перелетая с одного сайта на другой». Но большинство подростков

не способны выполнять линейные задания, к примеру, сосредоточенно читать и писать, поскольку внимание рассеивается. Молодое поколение не умеет самостоятельно решать поставленные задачи, а ищет готовые ответы в Интернете. Подростки неспособны к длительной усидчивой работе, импульсивны, непоследовательны, бывают крайне эмоциональны. Существуют признаки, которые должны заставить беспокоиться: ребенок плохо учится, отвлекается, ничем не интересуется, тратит на домашние задания по 5 часов, хватает то одно, то другое, решает арифметическую задачу без проверки, половину слов не дописывает, пропускает буквы. Это отклонение так распространено, что может считаться нормой. И это особенность большинства современных подростков. При этом подросток в состоянии управлять сам, по своей воле вниманием, памятью, воображением и мышлением. Подростковый возраст – это возраст, когда часто меняются интересы, это период критики и самокритики, когда подростки особенно требовательны и к людям, и к себе, некоторые и к учебе.

ОБЩЕНИЕ ПОДРОСТКА СО ВЗРОСЛЫМИ

В подростковом возрасте большая часть юношей и девушек ощущает настоятельную потребность в доверительном общении со взрослыми. Но не со всеми, а с теми, кого они уважают. Основной смысл доверительного общения подростков со взрослыми не в получении от них той или иной информации. Для них главное – найти понимание, сочувствие, помощь в том, что их волнует, что переживается ими как наиболее интимное и значимое. Отрочество – это период, когда подросток начинает по-новому оценивать свои отношения с семьей. Стремление обрести себя как личность, порождает потребность в отчуждении от тех, кто из года в год оказывал на него влияние, в первую очередь это родители. Одним из наиболее сильных желаний подростка: «стать взрослым», то есть, самостоятельным. В отрочестве общение с родителями, учителями и

другими взрослыми начинает складываться под влиянием чувства взрослости. Подростки начинают оказывать сопротивление по отношению к ранее выполняемым требованиям со стороны взрослых, активнее осваивать свои права. Они болезненно реагируют на реальные ущемления своих прав, пытаются ограничить претензии взрослых по отношению к себе. Подросток хочет быть взрослым, но не всегда и не во всем может им быть. Ему необходимы: постоянная помощь, поддержка, советы, дружеское руководство со стороны родителей. Благоприятной является ситуация, когда взрослый выступает в качестве друга. В этом случае, взрослый может облегчить подростку поиск его места в системе складывающихся взаимодействий, помочь оценить свои способности и возможности, лучше познать себя. В связи с лёгкой ранимостью подростка, для взрослого очень важно найти формы поддержания этих контактов. Подросток испытывает потребность поделиться своими переживаниями, рассказать о событиях своей жизни, но самому ему трудно начать близкое общение. Большое значение в этот период имеют требования к подростку в семье. Сам он больше притязает на определённые права, чем стремится к принятию на себя обязанностей. В случаях, когда взрослые относятся к подросткам как к маленьким детям, они выражают протесты в различных формах, проявляют неподчинение с целью изменить сложившиеся ранее отношения. И взрослые, под воздействием притязаний подростков, вынуждены переходить к новым формам взаимодействия с ними. Общение подростка во многом обуславливается изменчивостью его настроения. На протяжении небольшого промежутка времени оно может меняться на прямо противоположное. Характерными для подросткового возраста являются имитации чьего либо поведения. Чаще имитируется поведение значимого взрослого, который достиг определённого успеха. Редко проявляются у подростков отрицательная имитация, когда определённый человек выбирается в качестве отрицательного образца. Чаще всего это бывают кто-нибудь из родителей, причинивших много горя и обид подростку. Недостаток внимания, заботы и руководства взрослых болезненно воспринимаются подростком. Он чувствует себя лишним. Подросток в подобных ситуациях обычно начинает жить своей тайной жизнью. Чрезмерная опека и контроль, необходимый, по мнению родителей, нередко приносят негативные последствия: подросток оказывается лишённым возможности быть самостоятельным, научится пользоваться свободой.

ЖОЛДАУ: ЖАҢАРУ ЖОЛДАРЫ


ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ СУ МӘСЕЛЕСІНЕ АЙРЫҚША НАЗАР АУДАРЫП ЖҮРГЕНІ БАРШАМЫЗҒА МӘЛІМ. БҰЛ БІЗДІҢ ӨҢІРДЕ ӨТКІР МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ ЕКЕНІ АЙТПАСА ДА ТҮСІНІКТІ. СОНДЫҚТАН, ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫНДА ХАЛЫҚТЫ ТАЗА АУЫЗСУМЕН ҚАМТУ, СУ ҮНЕМДЕУ ТҰРҒЫСЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫН ҚУАНА ҚҰПТАУЫМЫЗ КЕРЕК.

Сәтбаев қаласымен бірге Жезқазғанды да ауызсумен жабдықтау мақсатында Есқұла су құбырының құрылысы 2010 жылы қолға алынған еді. Содан бергі 14 жылдың ішінде бұл жобаны жүзеге асыру созбақталып, әбден жырға айналып келеді. Жезқазғандықтар Есқұланың суын ішеді деп жоспарланған құрылысқа жыл сайын мемлекеттен қыруар қаржы бөлінгенмен, іске тартылған мердігерлердің шалағайлығынан бірнеше рет ақау шыққан жоба түпкілікті мақсатына жетпей қойды. Көпшілік жұрттың есінен шыға бастаған осы жобаның ескірмеген тарихына тағы бір көз тастап көрейікші.

Бұл маңызды жобаның тапсырыс берушісі қазіргі Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстары комитеті болып табылады. Алғашқы жылдары құрылыс жұмыстарына 5 млрд. теңге көлемінде қаржы бөлінді. Әуелден қырсық шалғандай, құбыр тартудың жолы кеніштер аумағындағы жердің құлау аумағына түсуіне байланысты 2012 жылдың желтоқсанында құрылыс-монтаж жұмыстары тоқтатылды. Бұдан соң жобаға түзету енгізіліп, су құбырының жолы 4,56 шақырымға ұлғайды. Соның нәтижесінде Есқұла су құбырының жалпы ұзындығы 71,860 шақырымды құрайтын болып, қосымша қаржы бөлінді. Құрылыс жұмыстары 2014 жылы қайта жаңғыртылды. Сол уақытта жобаны аяқтау 2017 жылға жоспарланды. Одан 2018 жылы аяқталатын болды деді. Ақырында қосымша жұмыс көлемінің анықталуына байланысты жобаға екінші рет түзету жасалды. Соған орай тағы да қосымша қаржы талап етілді. Мәселен, құрылыс барысында техсовет плиэтилен тұрбаны 385 млн. теңге тұратын шыныпластикке өзгерткені 2019 жылы белгілі болған. Құбыр жүйесін тексеріп көргенде 60-тан аса ақау шыққан. Осы ақауларды жөндеп қалпына келтіруге 1 млрд. теңге қаржы шығын болған.

Сол кездегі Қарағанды облсының әкіміне 2020 жылдың мамыр айында нысан басындағы инженерлер құбыр құрылысының барлық үш кезеңін 2020 жылдың соңында толық аяқтаймыз дегендері де бос уәде болып қалды. Түзету енгізілген жобаға сәйкес Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы бойынша Есқұла су құбыры құрылысының жобасын жүзеге асыруды одан әрі жалғастыру үшін ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне Қарағанды облысы бюджетінің резервінен 7,01 млрд. теңге қаржы бөлінгенін. Содан 2020 жылдың қорытындысы бойынша игерілмей қалған 1,9 млрд. теңге облыстың бюджетіне қайтарылды.

Бұдан әрі жобаны аяқтау үшін 2020 жылдың соңында Су ресурстары комитеті Жамбыл облысының «СК Мегарон» ЖШС-мен 2,09 млрд. теңгеге шарт жаса-



ЕСҚҰЛА ЖОБАСЫ ЕСТЕ МЕ?

сты. Жобаның аяқталуы 2021 жылы деп келісілді. Бірақта, тапсырыс беруші комитет тарапынан тиісті бақылау болмауынан нысанның құрылысы бұл жылы да аяқталмады. Оның үстіне Қазақстан-Қытай шекарасындағы (Қорғас) су тазарту станциясына арналған және гипохлоридті жабдықтарды жеткізудің кешігуіне байланысты 537,5 млн. теңге көлеміндегі қаражат игерілмеді. Осылайша жыл сайын қаржы бөлінгенмен, тиісті нәтиже болмай қойған нысан жемқорлардың жемсауын толтыратын жобаға айналған жоқ па екен деген де ой келеді. Өткен жылдың аяғына таман Есқұланы тағы да еске алып, «Ұлытау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ басшысы Алмас Жандарбековтен осы жоба бойынша Жезқазғанға су келетін түрі бар ма деп сұраған едік.

- 2023 жылғы республикалық бюджетті нақтылау кезінде жобаны аяқтауға 427,5 млн. теңге қаржы бөлінді. Жұмыс кестесіне сәйкес нысан 2023 жылдың маусымында пайдалануға беріледі деп жоспарланған болатын. Алайда, құбыр бүгінге дейін пайдалануға берілмей отыр. Осы мәселе бойынша жергілікті атқарушы орган тарапынан Министрліктің атына бірнеше рет хат жіберілді. Су ресурстары комитетінің бізге берген ақпараты бойынша нысанды пайдалануға беру ағымдағы жылдың аяғында жоспарлануда, - деген еді Алмас Әлімбаев.

Міне, ағымдағы жыл түгілі одан кейінгі жылдың бесінші айына да қадам басқалы отырмыз. Есқұла су құбырын Жезқазғанға жеткізу туралы ешқандай сыбыс естілер емес. Негізінде, Жезқазғанға дейін тартылатын осы құбырдың дабыры 14 жылдан да бұрын

басталған болатын. Сол алғашқы кездің өзінде-ақ өңір тұрғындары жобаның өте тиімсіз екенін айтып дабыл қаққан еді.

Менің қолымда 2008 жылдың желтоқсан айында 53 адам қол қойып, ҚР Парламентіне, ҚР Үкіметіне және Қарағанды облысының әкіміне жолдаған Жезқазған қаласы қоғамдық өкілдерінің ашық хаты сақтаулы. Сол хаттан үзінді келтірейін. «Біз Жезді кенті мен Сәтбаев қаласын сумен жабдықтап, 40 жыл бойы пайдаланылып келе жатқан Есқұла су құбырын жаңартып, оны Жезқазғанға дейін жеткізуді көздейтін жобаның жай-жапсарын жақында білдік. Бұл жобаға республикалық бюджеттен Үкімет 4 млрд. теңгеге жуық қаржы бөліпті. Бірден айтуымыз керек, Жезқазған қаласын ауызсумен қамтамасыз етудің бұл – кездейсоқ таңдалған, ең тиімсіз жобасы болғалы тұр. Біріншіден, оның құрылыс жұмысы, сондай-ақ құбырды одан әрі пайдалану өте қымбатқа түседі. Мәселен, жоғары диаметрлі полиэтилен тұрбадан ұзындығы 78,2 шақырым құбыр тартып, тағы да жаңадан 5 нысан салынатын бұл күрделі құрылысқа 5-6 жыл уақыт кетеді. Жобада көрсетілген 3 жылда игеру мүмкін емес. Тапсырыс беруші Жезқазған әкімдігі, қаржы мәселесі шешілгенмен құрылыс жүргізуші мердігер әлі белгісіз. Екіншіден, бұл жоба жүзеге асқан күнде Есқұла су көзі Жезқазғанды ауызсумен толық қамтамасыз ете алмайды. Су көлемінің жетпеген елеулі мөлшерін бұрынғыша Кеңгір су қоймасынан толықтыру жалғаса бермекші. Сонда толықтай жер астынан келетін сапалы су мәселесі шешілмейтін болса қыруар қаржыны босқа жұмсаудың қажеті қанша?», - деп жанайқайларын білдірген екен қоғам өкілдері. Хатқа қол қоюшылардың ара-

сында су мамандары, қаланың сыйлы ақсақалдары бар-тын. Олардың біразы бұл күнді көрмей өмірден өтіп кетсе, біразы басқа жақтарға қоныс аударуға мәжбүр болды. Дегенмен, қоғам өкілдерінің қисынды пікірі мен орынды ұсынысына кезінде дұрыстап құлақ асқанда жылдарға созылған мұндай шырғалаң болмас па еді? Есқұла суы Жезқазғанға жетеді дегенге әлі де ешкім сене алмай отыр. Оның суын кеншілер қаласы Сәтбаев тұрғындарының ойдағыдай тұтынуына шүкіршілік етуге болар. Жалпы жағдайды айқындай түсу үшін жақында кеншілер қаласындағы сумен қамтамасыз ететін кәсіпорын басшысымен де сөйлескен едік.

- Есқұла жерасты су көзін жинақтаушы нысан 1976 жылы пайдалануға берілгенде жылына 39 млн. текше метр ауызсу береді деп жобаланған болатын. «Союзводоканалпроект» институтының жобасы бойынша салынған жерасты су көзінің пайдалану мерзімі 27,5 жылға арналған-тын. Отыз жылдай пайдаланылған соң Есқұланың су қорына 2007 жылы қайта есептеу жасалып, тәуліктік су алу көлемі 83 мың текше метр, жылдық көлемі 30 млн. текше метр мөлшерінде бекітілді. Нақты іс жүзінде Сәтбаев қаласына жылына 13 млн. текше метр су береді. Барлығы 25 артезиандық ұңғымасы бар. Есқұла су жинағышының жылдық су беру көлемін 30 млн. текше метрге жеткізу мақсатында «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС бас жобалау институты жұмыс істемей тұрған 6 ұңғыманы қайтадан бұрғылау және 4 жаңа ұңғыманы бұрғылау жөнінде 2023 жылы жобалау-сметалық құжатын әзірледі. Жобаның құны 4,7 млрд. теңге. Жобаны облыстық бюджет есебінен жүзеге асыру жоспарланған. Есқұладан бұл жобадағы су көлемін алуға қол жеткізілсе, 21 млн. текше метр ауызсу Сәтбаев қаласын қамтамасыз етсе, қалған 9 млн. текше метрін Жезқазғанға беру көзделуде, - дейді «Сәтбаев жылумен-сумен жабдықтау кәсіпорны» ЖШС басшысы Ержан Тоқымбаев.

Міне, талай жылдан бері өңірді дамыту жөніндегі Кешенді жоспардың бірінен екіншісіне көшіп, елді алдандырып жүрген «керемет жобаның» қазіргі жай-күйі осындай. Болашақта нәтижесі қандай болады? Оны алдағы уақыт көрсетер.

Амандық ПАХҰЛЫ

► ӘҢГІМЕ

Айна

Олжабай МӘДИ

- Жауар бұлттай түнеруін қара мынаның!

Дархан тоқпақтай жұдырығын түйіп төбесін ойып алардай бәйбішесінің жанына жетіп барды. Бәйбішенің байының қаһарынан сескенер түрі жоқ. Кірпігін де қақпайды. От шашқан көздерімен ұрып жығатын сыңай танытады. Енді не істерін білмей есікті тарс жауып жүріп кетті. Қайтып келмейтіндей... Бірақ кеткенімен қайда барады. Үй соныкі. Түбі айналып бір келеді. Оны Ақжан да жақсы білетін. Келерсің, тірі болсаң дегендей үнсіз қала берді үйде. Байын жеңгеніне масаттанғандай сыбырлай әндетеді. Дархан таң бозара бір-ақ келді. Аққа әбден тойған. Екі аяғында әрең тұр. Келіншегінің «Қайда жүрсің? Неге ішесің?» деген сөздеріне мән бәрмей үнсіз барып төсекке құлады. Көздерін тарс жұмды да қалың ұйқыға кетті. Түс ауа шешесінің дауысынан әрең оянды.

Шаңырақ көтергендеріне бес жылдың жүзі толды. Осы уақыттың ішінде байғұстардың бақтары жанбай-ақ қойды. Дарханның «бағыма қонған бақыт құсы» деп таңдаған келіншегі басының соры болғандай. Қит етсе «ер мен әйел тең» деп шапшып шыға келеді. Ерін билеп-төстегісі келеді. Қой аузынан шөп алмас Дархан болса оған «менің қабырғамнан жаратылғаның» деп ұқтырғысы келеді. Оған мойынұсынатын Ақжан ба? Керісінше одан сайын бұлқан-талқан болады. Бағынғысы келмейді. Кімге не дәлелдегісі келетінін... Ойына келген уақытта боянып сыланып шығып жүре береді. Ақ некелі жарының ақ жүзін көру арман боп қалғандай. Үйде болған күннің өзінде қатырып жатқаны шамалы. Төсегінен бас көтергісі жоқ.

Дархан байғұс сол келіншегі шешесінің қаһарынан



қызғыштай қорып, бәйек болады. «Осыны алма дедім саған!» - Гүлзере шешесі желкелейді де отырады - «Қатын болып жарытпас мынауың, бір қарағаннан-ақ ұғып едім. Әй, бірақ адам айтты демейсіңдер-ау, пысықырып та қарамайсыңдар ғой». Шешесі де отқа май құюға шебер. Екеуінің ортасына кіреді де отырады. Қолынан келсе ажырастырып алғысы келеді.

Ақжан келіншек сүп-сүйкімді-ақ келіншек. Ақша жүзі күллі ер адамзатты ғашық етердей. Бойының аласалығы отызды алқымдаған келіншекті 18-де бір гүлі ашылмаған қыздай қылып көрсетеді. Баласы бар демесең әйел деуге тіпті қимайсың. Қолынан да біраз іс келеді. Шашы йықтан сәл ғана түскен. Көздері түпсіз терең. Қараған жан ырықсыз батады да кетеді. Ал Дархан шымыр денелі, ұзын бойлы. Ақжан мұның белінен ғана келеді. Тынымсыз еңбек жас жігітті шалдай қып көрсетеді. Әкесінен айырылғаннан бері жалғыз апасы мен кәрі шешесін бағамын деп үздіксіз шапқыласта жүреді. Шашы сыпырылып шекесі жарқ-жұрқ етеді. Түріне қарасаң Ақжаннан бір жас кіші екені де байқалмайды. Сырттан көргендер мына өрімдей

қызды шалға қалай қиған деп таңырқай қарайды.

Бүгінгі ұрыстарының себебі мүлдем бөлек. Ақжан ашуына ерекше мінген. Таң атқалы бері бір отырған жоқ. Шешесіне ащы дауысы шығып бажылдайды. Мына түйіні жоқтай керістен, бітпейтін шудан басын ала қашып жан баласы жоқ мекенге кеткісі келеді. Бірақ басқа барар жері де жоқ. Амалсыз көндігеді. Не шешесінің, не Ақжанның қойғысы жоқ. Бір-бірінің бетінен алып жатыр. Дарханның екі оттың арасына түсуге де зауқы жоқ. Басын салбыратып үнсіз шәй ішіп отыр. Сондағы екеуінің күндікке қырғынының жалғыз себебі, шешесінің «шәй құю білмейсің» дегені. Бара-бара екеуінің даусы үдеп барады. Келіншек бұрынғы әніне қайта басты:

- Мен Дарханға сенің шәйіңді құйып, кіріңді жууға тимедім. Мен міндетті емеспін. Ұнамаса өзің құй өз шәйіңді.

- Сен келінсің. Қаласаң да, қаламасаң да! Сен міндеттісің. Бәрін жасауға міндеттісің.

- Жетер!

Манадан бергі айғайға үнсіз отқан Дархан араласты. - «Жап ауызыңды!» - деп келіншегіне тесіле қарады

кесесін қапсыра ұстап. Көзі шарасынан шығып кетердей, кесені де шағып жіберердей қысып ұстап тұр. Үйді сүтпісірім уақытқа өлі тыныштық басты да қалды. Дарханның ызалы даусынан шешесі де, келіншегі де сескенгендей. Көзін келіншегіне қадап сәл кідірді де, жабысқан орынынан жұлқына тұрып, жатын бөлмеге кетті. Қолына үстелде бар қырғыннан бейхабар жатқан сымтетігін өзімен ала барды. Құс-төсекке жамбастай кетті. Керістің бәріне кінәлі сымтетік сықылды. Бар ашуын содан алардай. Ұзақ бөгелмей ізінен Ақжан да барды. Шешесі үнсіз отқан қалпы шәйін ішіп отыра берді. Кіре сала есікті тарс жауып айғайға басты. Ұлдары Төренің көңіліне күнделікті айғай инедей қадалады. Бірақ оның да еті үйренгендей. Көзі жәутеңдеп төргі бөлмедей сығалай қарап тұр. Ақжан «сенің шешесің...» деп әңгімесін бастағаны сол-ақ еді. Дархан «жап» деп сөзін кесті де тастады. Шыдамы шегіне жеткендей.

- Сенің де шешесің ол! Мені сыйласаң қабылдайсың.

- Мен саған тидім. Сенің шешесің емес. Мен неге бағуым керек оны?

- Себебі, байыңмын мен сенің! Байың!

Екеуі ұзақ қырқысты. Ақжанның соңғы сөзінен кейін үнсіздік орнады. «Осы кемпір де өлмейді екен. Арамызға түсіп болды-ау!» Аузынан қалай шыққанын білмей қалғандай. Үнсіз қалды. Ашуға булыққан Дархан қолындағы телефонды лақтырып қалды. Ақжан шегініп қалғанда кесе ұшып келіп айнаға тиді. Айна шашылып кетті. Сымтетік келіншектің таңқиған танауын сипап өтті. Дархан отырған орнынан ытқып тұрды да, адымын асыға басып, ышқынып кеп, келіншегі салып кеп қалды. Өмірі жан баласының саусағы тиіп көрмеген Ақжан күйеуінен мұны күтпеді. Көзінен жасы бұрқ етті. Бір жағынан есеңгіреп те қалды. Шытынап тұрған байына бір қарады да, төр үйден жанарына жас үйіріп, есіктен сығалай қарап тұрған ұлын қолын жетектеп шықты да кетті. Манадан бергі айғай-шудың біріне де мән бермей, міз бақпай сораптап шәй ішіп отқан шешесі енді ғана көптен күткен арманы орындалғандай қолындағы босаған кесесін үстелге қоя бере, ауыр күрсінді. Езуінде күлкі көрінеді. Сәл кідірді де басын қаққан қазықша тапжылмай тұрған ұлына бұрып, езуін жия сала тіл қатты: «кетсе кетсін! Басқа қатын табылар», - дауысынан ауыр зіл байқалады. Оған Дархан мән де берген жоқ. Өлден уақыт бұрын тұңғыыққа сүңгіп үлгерген.

Күн бесіннен енді ғана ауған шақ. Сағат тілі осы екеуінің тағдырына келіп тоқтағандай. Шекені тескен күн де енді қайтпек екен деп қарап тұрғандай. Батуға асығатын түрі жоқ. Шарасыздықтан шарадай басы шақшадай болған Дархан сынық айнаға ұзақ телмірді. Неге? Не үшін қарап отқанын өзі де білмейді. Сынған айна ойраны шыққан өзінің тағдырындай болып елестеді. Шешесі түк болмағандай маңғаз басып төр үйге барып көрпеге барып қисайды. Көп ұзамай аласапыран дүниенің күллі дертін ысырып қойып қалың ұйқыға кетті. Тау қопарып келгендей. Тек Дархан ғана не қыларын білмей дел-сал болады. Дәл өзінің жүрегіндей шытынаған айнаға телмірген қалпы үнсіз қала берді...

«БІР ЕЛ – БІР КІТАП»



БЕРДІБЕК КІТАПТАРЫН ОҚИЫҚ...

Биыл 2024 жылы Республикалық «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында жыл кітабы Қазақ балалар әдебиетінің классигі, әлем таныған жазушы, қазақ әдебиетін Хан Тәңіріндей биігіне көтерген қарымы бөлек қаламгер Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған шығармалары көпшілік оқырмандарға оқуға ұсынылып отыр.

Қазақстанда «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы ҚР Мәдениет министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен ҚР Кітапханашылар Ассоциациясы бастамасымен 2007 жылдан бастап өткізілуде. Осы орайда балалар мен жасөспірімдер кітапханасында іс-шаралар ұйымдастырылып, жыл бойы кітап көрмесі насихатталуда. Мақсаты: «Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді» демекші, балалардың сүйікті жазушысы, өзі өмір сүрген ортасының кезең келбетін көз алдыға келтіре кескіндеген, заманның шындығын жүрек сыздата суреттеген, сол бір күндердегі ел өмірін мөлдірете, жан жүректі елжіреті мүсіндеген алғар ойлы, қайсар мінезді, қайтпас рухты, шоқтығы биік тұлғаның еңбектерін оқырмандарға насихаттау, өскелең ұрпақтың зияткерлік-рухани дамуы мен ана тіліне деген құрметін көтеру.

Көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаев 1924 жылы 15 қазан күні Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Қостөбе ауылында дүниеге келген.

Шығармашылық жолын балаларға арнап өлең жазудан бастап «Лениншіл жас», «Қазақ пионері», «Пионер» журналдарында басылып тұрды. «Жұлдыз», «Балдырған» журналдарында қызмет атқарды. 1952-1970 жылдары Қазақстан Жазушылар одағында түрлі қызмет атқарды. Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында редактор болып жұмыс істеді.

Қазақ кино өнерінің алтын қорына енген «Менің атым Қожа» фильмінің сценарийін



жазды. 1963 жылы экранға шыққан бұл туынды қазақ кино өнерінің бойтұмарына айналды. 1967 жылы балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің Канн қаласында өткен халықаралық фестивалінде «Менің атым Қожа» фильмі арнаулы жүлдеге ие болды. Фильмнің шыққанына жарты ғасырдан асса да, көрерменнің әлі жалықтырған жоқ.

Кітап көрмесінде оның «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Әжесінің баласы», секілді керемет әңгімелері мен повестері, «Шығармалары» үш томдығы «Бердібек Соқпақбаев туралы естеліктер», Бердібек Соқпақбаевтың таңдамалы «Өлгендер қайтып келмейді» романы мен мерзімді басылымдар қойылған.

Фатима ДҮЗБАЕВА,
Сәтбаев қалалық балалармен жасөспірімдер кітапханасының кітап қорын толықтырушы.

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

КӨРНЕКІ АҚПАРАТТАҒЫ КӨКЕЙТЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕР

«Адамның адамдық, ұлттың ең жоғарғы қасиеті тіл – өткірлігі мойымасын, тіл сұлулығы кемімесін!» деген екен қазақтың классик жазушысы Ғабиден Мұстафин. Қазіргі таңдағы өзекті тақырыптардың бірі жарнама мен көрнекі ақпарат.

Жарнама дегеніміз не? Жарнама, реклама (франц. geclame, лат. geclamo – жар саламын) – тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама; белгілі бір адамдар, ұйымдар, әдебиет пен өнер шығармалары туралы хабар таратып, оларды әйгілеу.

Жарнама көпшілік ақпарат құралдары (теледидар, радио, газет, Интернет, проспектілер, плакаттар, т.б.) арқылы жүзеге асырылатын

коммуникацияның ақылы түрі болып табылады. Кез келген Жарнама хабарламалық, болмаса назар аудартушылық сипатымен ерекшеленді.

Қазіргі таңда жарнама мемлекеттік тілде беріледі. Жарнамаға қатысты наразылығын білдіріп жатқан адамдар аз емес. Теледидардағы жарнама болсын, қағаз бетіне түскен жарнама болсын, қазақ тілінен қателіктер табылып жатады. Мұғалім сабақ барысында оқушыдан қате тапса, оны дұрыстайды. Неге жарнаманы да солай тексермеске? Сон-

да болашақта жарнамаларды сапасы жоғары деңгейде болар еді. Жарнама мен көрнекі ақпараттар еліміздің экономикасын дамытып, өсіп өркендеуіне көмегін тигізеді. Сөз қадірін білмеген - өз қадірін білмейді. Сондықтан тіліміздің дамуына ат салысу - бәрімізге ортақ міндет деп білемін.

А.ЖЕТПІСБАЕВА,
«№5 жалпы білім беретін мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ЗАҢ ЖӘНЕ АДАМ

СОТТАҒЫ ТӘРТІП

Сот билігі органы бола отырып, сот қылмыстық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асырады.

Күнделікті өмірде сотқа ешбір қатысы жоқ, бірінші рет келген азаматтар сотта белгіленген тәртіптен бейхабар болатындарын көрінеді. Осыған байланысты, сотқа шақыртылған жағдайда, төмендегі негізгі қағидаларды есте сақтаған жөн, себебі оларды бұзу заңмен белгіленген жауаптылыққа әкеп соғуы мүмкін.

Сотқа шақырту қағазын алған азамат сотқа келуге міндетті, бұл әр азаматтың азаматтық борышы мен міндеті.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) 157-бабының талаптарына сәйкес, сотталушы, сондай-ақ куә, жәбірленуші шақыру бойынша дәлелді себептерсіз келмеген жағдайда, олар соттың уәжді қаулысы бойынша күштеп әкелінуі мүмкін.

Сонымен қатар, адвокатты, прокурор мен сотталушыны қоспағанда, қорғалуға құқығы бар куәге, жәбірленушіге, куәге, маманға, аудармашыға және өзге де адамдарға осы ҚПК-нің 160-бабында белгіленген мөлшерде және тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін.

Сотқа келу дәлелді себептер бойынша мүмкін болмаса, бұл туралы алдын ала сотқа хабарлау қажет.

Сотқа шақырған уақыттан кешікпей, жеке басты куәландыратын құжатпен келу қажет.

16 жасқа дейінгі адамдар, егер олар тарап немесе куә болып табылмаса, сот отырысы залына жіберілмейді. Сондықтан сотқа кәметтік жасқа толмаған балаларды алып келмеген жөн.

Келесі есте ұстар қағида: сот талқылауына қатысушылардың бәрі сотқа қарап сөйлегенде, айғақтар бергенде және мәлімдеме жасағанда орындарынан тұрады. Бұл қағидалардан ауытқуға төрағалық етушінің рұқсатымен ғана жол беріледі.

Ашық сот талқылауына қатысуға ниет білдірушілерге сот есігі ашық.

Басты сот талқылауының барлық қатысушылары, сол сияқты сот отырысы залында қатысып отырған азаматтар төрағалық етушінің сот отырысының тәртібін сақтау туралы өкімдеріне бағынуға тиіс екендерін ескеру қажет.

Процеске қатысушылар келісімін білдірген және төрағалық етуші рұқсат берген жағдайда, сот отырысы залында фотосуретке түсіруге, дыбыс-, бейнежазуды қолдануға және киноға түсіруге жол беріледі. Алайда бұл әрекеттер сот талқылауының қалыпты барысына кедергі келтірмеуі тиіс.

Қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнаманың талаптарына сәйкес, төрағалық етушінің шешімі бойынша басты сот талқылауына бейнебайланыс режимінде қатысу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл ретте сотқа интернет байланысы тиісті түрде жұмыс істейтін, бөгде тұлғалар кедергі келтірмейтін орыннан (бөлмеден) қосылған жөн.

Процеске қатысушы сот отырысында тәртіпті бұзған, төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаған жағдайда, ҚПК-дегі шектеулерді ескере отырып, төрағалық етуші оны сот отырысы залынан шығарып жіберуге, кінәлі

адамға, ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Сот талқылауының қатысушылары жән сот отырысы залында қатысып отырған азаматтар сотқа құрметтеушілік білдіргені үшін туындайтын жауапкершілік туралы, сотқа келмегені үшін, процеске қатысушыларды қорлағаны үшін қандай құқықтық салдары болуы мүмкін екенін түсінуді тиіс. Мұндай фактілердің жолын кесу үшін заң шығарушы сотты құрметтемегені үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті белгілеген. Сотқа құрметтеушілік білдіргені үшін бұған кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексында көзделген тәртіппен әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Егер сот отырысында тәртіп бұзушының әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болса, бұл адам қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Осыған байланысты, кез келген азамат сот процесіне қатыса отырып, өзіне ғана емес, сотқа және сот талқылауының басқа да қатысушыларына құрмет көрсетіп, тәртіпті сақтауы тиіс.

Г. ИСКАКОВА,
Жезқазған қалалық сотының судьясы.



ОВЕН. На этой неделе вас ожидают важные изменения на работе. Может возникнуть необходимость в решении спонтанных задач, которые потребуют вашего немедленного внимания. В личной жизни стоит проявить инициативу и сделать шаг навстречу своим отношениям.



ТЕЛЬЦЫ. Эта неделя принесет вам множество возможностей для карьерного роста. Ваше упорство и трудолюбие будут замечены вашими начальниками. В финансовом плане возможно получение неожиданной прибыли или выгодное предложение. В семейной жизни возможны небольшие споры.



БЛИЗНЕЦЫ. Для вас наступает время новых открытий. Возможно, вы почувствуете сильное желание изменить что-то в своей жизни или образе мыслей. Общение с друзьями принесет много положительных эмоций и новых идей. В любовных отношениях стоит быть открытым к компромиссам и обсуждению важных вопросов.



РАК. Начало недели будет для вас время размышлений. Вас может ожидать внутренний конфликт или сомнения по поводу некоторых жизненных аспектов. Очень важно в это время доверять своему внутреннему голосу и интуиции. Во второй половине недели стоит ожидать улучшение настроения и возможность решения долгостоящих проблем.



ЛЕВ. Неделя будет наполнена энергией и творческими идеями. Используйте этот поток энергии для завершения начатых проектов или запуска новых инициатив. В личных отношениях возможны страстные моменты, которые укрепят ваши связи. Будьте открыты к новым знакомствам, одно из них может оказаться значимым.




ДЕВА. Эта неделя предоставит вам шанс наладить порядок во всех сферах жизни. Пришло время реорганизовать рабочее пространство, оптимизировать расписание и уделить время заботе о собственном здоровье. В отношениях старайтесь быть более внимательными и терпеливыми к потребностям вашего партнера.




ВЕСЫ. Социальные взаимодействия станут ключевыми на этой неделе. Вам предстоит участвовать в мероприятиях, которые расширят ваш круг общения и могут принести интересные предложения по работе. В личной жизни возможен возврат к старым дружеским отношениям, что окажется весьма приятным и полезным.



СКОРПИОН. Наступившая неделя обещает быть наполненной глубокими эмоциональными переживаниями. Ваша интуиция будет особенно острой, позволяя вам лучше понять мотивы окружающих. В работе вас ожидают сложные задачи, но ваша решимость и стратегическое мышление помогут успешно справиться с ними.




СТРЕЛЕЦ. Ваша свободная натура найдет новые горизонты для исследования на этой неделе. Будьте готовы к неожиданным приглашениям в путешествия или к участию в захватывающих проектах. На профессиональном фронте ваше мнение будет особенно ценным, поэтому не стесняйтесь высказывать свои идеи.



КОЗЕРОГ. Для вас эта неделя будет сосредоточена на карьерных достижениях. Ваша трудоспособность и организационные навыки приведут к значительным успехам на работе. Важно также найти время для отдыха и расслабления, чтобы поддерживать баланс. В семейной жизни предложите совместный отдых.



ВОДОЛЕЙ. Эта неделя принесет в вашу жизнь новые идеи и вдохновение. Откройте для себя экспериментов и нестандартных решений, это поможет вам в реализации творческих проектов. Ваше общение с друзьями и коллегами будет особенно плодотворным, используйте это для налаживания полезных контактов.



РЫБЫ. Неделя предстоит полной внутренних размышлений и эмоционального восстановления. Прислушивайтесь к своим чувствам и не игнорируйте потребность в покое. Это хорошее время для занятий творчеством или медитации. В профессиональной сфере будьте внимательны к деталям важных дел.

СКАНВОРД

Манера	Слой	↓	Топор	Маршрутное	↗	↘	↘		
↘					Ферма		Народный		Ковш
	Помпон		Жертвенник						
↘					Хвостикол		Соус		Металл
	Книги		Корнилов		Канцелярия	↗			
↘									
Статуя	Сани	Труд		Оборванка		Болталка		Халцедон	
↘						Радар	↗		
	Лакеи								
	Сберегательная		Попутельский		Камень				
↘						Деликатность		Пепси	Мишура
	Хатка	Монета							Аукцион
↘					Остров				
	Гостиница	Черепок							
↘					Расход				

Анекдоты, анекдоты...



Как будет выглядеть человек коммунистического будущего?

- у него будут маленькие руки, т.к. он ничего не будет делать руками - за него будут работать машины. У него будут маленькие ноги, т.к. он не будет ходить, а только ездить, плавать или летать. У него будет маленький живот, т.к. он будет питаться высококалорийными пилюлями. У него будет очень большая голова, т.к. он будет очень много думать... Думать, как достать эти пилюли.

- Можно ли построить коммунизм в Израиле?

- Зачем такой маленькой стране такое большое счастье?

Некоторые люди настолько любят свои деньги, что даже когда они вам должны и с вами рассчитываются, у них при этом такое выражение лица, словно они продают Родину.

По большим праздникам Штирлиц доставал из сейфа гармошку, бутылку водки и граненый стакан, наливал сто пятьдесят граммов, выпивал и затем минут пятнадцать играл на гармошке. Однажды, когда ему захотелось вспомнить Родину, он не обнаружил в сейфе ни гармошки, ни водки. Штирлиц позвонил Мюллеру:

- Это ваша работа?
- Вы по поводу гармошки и водки?
- Да.
- Вы их больше не увидите.
- Почему?
- Не один вы по Родине тоскуете.

- Абрам, зачем ты молишься по утрам? Бог не будет помогать такому грешнику, как ты.

- Ну, я прошу его: помоги мне сделать это, помоги сделать то. Конечно, Бог не поможет, но пока я его прошу, я таки вспоминаю, что я сегодня должен сделать!

ҚАЗАҚТЫҢ ТӨЛ ӨНЕРІ ЖАСАЙ БЕРСІН, ҚАНЫШТЫҢ ҚАЛАСЫНДА ҚАРЫШТАҒАН!



Дәстүрлі айтыс Сәтбаев төрінде биыл сегізінші мәрте өтті. Жас ақындардың айтысымен басталып, жыл сайын қанаты кеңейіп, биыл қазақ халқының біртуар ұлы, академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына орай республикалық жыр мерекесіне айналды. «Қаныштың қазыналы әлемі» республикалық жыр додасы салт-дәстүрді, әдебиет пен мәдениетті, ұрпақты ұлттық ата-дәстүр рухына тәрбиелеуді, Сәтбаев қаласының өткен тарихын, бүгінгі келбетін, Қаныш Сәтбаев, Кәкімбек Салықов, Шынболат Ділдебаев сияқты тұлғалардың тарихи болмысын, көншілердің еселі еңбегін ұлықтады. Сөз саптауы көркем, ұйқастары шымыр, өлең техникасын терең игерген ақындар екі күн бойы тілі мен ойы жеткенше жақсы-жақсы кәделі сөздер айтты. Қаныш атамның тұлғалық сипатын жан-жақты ашты. Қайраткерлік келбеті мен ғалымдық, ғұламалық бейнесі, кішілігі мен кісілігі, парасат-болмысы өлең болып өрілді.

Ұйымдастыру алқасының ұйғарымыменен айтысқа қатысқан әрбір ақынға 400 теңгелік сыйақы берілді. Айтыстың ағасына айналған Айтбай Жұмағұл, кешегі Көпбай Омаровтың кәделі жолын жалғастырып, сырнайын сызылтып, әдемі айтыс жасаған Дәурен Ысқақ, түбі бір түркі жұртының астанасы Түркістаннан келген Қажымұқан Абзалов, апайтөс Атыраудағы айтыстың жас нояны Кәдірбай Батыржан филология ғылымдарының докторы, профессор, айтыстанушы Қойлыбай Асановтың қолынан жүлде алды.

Тәуелсіздік алып, рухани серпілістің керемет кезеңінде шындықты тіліп тұрып айтқан алаштың аяулы ақыны, рухани ұстазымыз Шынболат Ділдебаев және де Қаныштың дәстүрін, Қаныштың мектебін жаңғыртып, Қаныштың жолын жалғап, қайраткерліктің тамаша үлгісін көрсетіп кеткен қазақтың жезкиік ақыны Кәкімбек Салықов еді. Осы қос тұлғаның

Ұлытау облысы әкімдігінің, «Аманат» партиясының, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС қолдауымен, Сәтбаев қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен Сарыарқаның төрін дүбірлетіп атадан балаға мұра болған бекзат өнеріміз – айтыс өтті. Екі күн бойы көрерменнің жандүниесіне өнер нәрін сыйлаған ақындар жырдан маржан тізді.



атындағы арнайы 500 мың теңгелік сыйлық ордалы оңтүстіктен келген Біржан Байтуов пен Қаныштың кіндік қаны тамған киелі өлке Баянтаудан келген Жігер Бөкенге бұйырды. 700 мың теңгелік екі үшінші орынның бірін заманымыздың түпсіз жырауы, Астана қаласындағы өнер университетінің «Ақын жыраулар» кафедрасының меңгерушісі, профессор Алмас Алматы ағамыз ералтайлық Серік Қуанғанға табыстады.

Ақынның әрбір сөзінен қазақтың дәстүрі, қазақтың салты, ырым-жоралғысы көрініс тауып жатқаны қандай тамаша! Жетісудан еліктей болып келіп, ел алдында еркелеп отырып, «Жасауымды жасап жатқан қыз едім, беретіндеріңіз болса бас тартпаймын» деген Айым Асылбек те үшінші орынды еншіледі. Сәтбаев халқының атынан қыздың жасауына қосқан сыйымыз болсын деп ырымдады қалың жұрт.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан 1 миллион теңгелік екі екінші орынмен жайсаң Жайықтың аруы Жанася Мусина мен Шашубайдың елінен келіп, жырдан шашу шашқан Дидар Қамиды маралаттады. 1 жарым миллион теңгелік бірінші орын жүлдесін өзіміз құлындай үкілеп, балапандай баптап топқа қосқан тұлпарымыз Өміржан Көпбосын жеңіп алды.

Бас бәйге «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС тіккен темір тұлпардың кілтін айтыстың бас бапкері Жүрсін Ерман ағамыз қызылордалық Мейірбек Сұлтанханға табыс етті.

Бәйгенің кілтін қолына ұстап тұрып: – Қазақтың төл өнері жасай берсін, Қаныштың қаласында қарыштаған-деп сөз бастаған Мейірбек Сұлтанхан: -Жеңіске жігіт едім желікпенген, Бірақта қуанышқа ерік берем. Қызылорда мен Жезқазған арасында, Жетуіміз мұң еді көлікпенен. Бұйырса ол шаруаның шешілерін, Айтты ғой әкім ағам Берік деген. Алла жазса сыйлаған көлігімді, Автожол ашылғанда теуіп келем, – деп ағынан жарылды сахна төрінде тұрып.

Бүгінгі өнердің алтын тұғыры болған ақындарға жүрегінің төрінен орын берген көзі қарақты шаһар жұрты қошемет, құрметін аямады. Тау тұлғаларымызды, замананың заңғар ұлдарын осылай ұлықтап, осылай қадірлеу жарасымды десті.

Мейрамгүл САЯЖАН.
Суреттер автордікі.

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген. 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 1012 Заказ 795

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы:
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.